

4) интеграционное объединение наиболее развитого типа – Европейский Союз. Основной задачей этого объединения является осуществление единой образовательной политики на всех уровнях обучения, ее реализация с помощью создания наднациональных органов. И в отношении экономического, и применительно к социальной сфере, Европейский Союз - это проект, пока не имеющий аналогов в других частях мира. Он может рассматриваться как модель международной интеграции, "... отличительной чертой которой является сознательный отказ стран-участниц от части национального суверенитета в пользу наднационального регулирования" [2, с.74].

Стоит отметить, что наднациональное регулирование в сфере образования (что является необходимым условием интеграции) неоднозначно воспринимается большинством населения страны, участвующей в глубоком интеграционном процессе, т.к. затрагивает национальную самобытность народа, сложившиеся традиции. Здесь необходима особая тактичность и деликатность, т.к. международные отношения, например, в сфере финансов или торговли молоды по сравнению со сложившимися на протяжении столетий национальными традициями и обычаями [3, с.32].

Думается, в обозримом будущем, дальнейшие интеграционные процессы в образовании будут формироваться не столько по инициативе национальных и наднациональных органов, сколько путем понимания необходимости этого процесса внутри страны, осознания преимуществ, которые дает интеграция государству и его гражданам.

В заключении, хотелось бы отметить, что интеграционные процессы, происходящие сейчас на постсоветском пространстве (Таможенный Союз, Единое экономическое пространство) предполагают не только экономическое сближение стран-участниц, но и взаимовыгодное сотрудничество в сфере образования, как важнейшего общественного института. Есть достаточно оснований полагать, что эти процессы благотворно повлияют на наши национальные модели образования, взаимно обогатив накопленный опыт в этой сфере.

#### **Литература:**

1. Шишков Ю.В. Отечественная теория региональной интеграции: опыт прошлого и взгляд в будущее //Мировая экономика и международные отношения. 2006. № 4.
2. Бойченко А.А. Процессы региональной интеграции в мировой экономике //Вестник Московского университета. Сер.6. Экономика. 2007. № 2.
3. Урсул А. Концепция опережающего образования //Alma Mater. 2006. № 7.

#### *Annotation*

*In this article it is said about integration processes in education, the experience of foreign countries are analyzed and main problems to the way of fusion are examined.*

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ–ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ АППАРАТЫН ӨҢДЕУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ**

**Жалмагамбетова К.К.**

*Қазақстан, Костанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында студенттер ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуы, курстық және дипломдық жұмыстарды жазуға міндетті деп көрсетілген. Аталған жұмыстарды жазу үшін студенттерде төмендегідей дағдылар қалыптасуы тиіс:

- тақырыпты таңдап, жоспарын құру;
- ғылыми зерттеу әдістерін іріктеу;
- ғылыми ақпаратты тауып,әдебиеттермен жұмыс істеу;
- ғылыми фактлерді жинақтау,талдау, жүйелеу;

–зерттеу материалын теориялық негіздеу, қортындылау; [1]

Аталған дағдыларды толық қанды қалыптастыру үшін студенттердің ғылыми жұмыстарының сапасын көтеру бағытында жұмыс жасау керек.

Зерттеудің нәтижелі болуы қашанда жоспарлауға байланысты. Сондықтан студенттерді зерттеу жұмысын жасай білуге үйретудің маңызы зор. Зерттеу ұзақ жүретін іздену процесі, бұл процесте жас зерттеушіге бағыт–бағдар бере отырып, зерттеу кезеңдерінің ішкі байланысы мен тізбектілігін сақтауға, зерттеу логикасын құруға үйрету маңызды. Бұл өз кезегінде зерттеу жобасында немесе зерттеу бағдарламасында көрініс табады.

Кез келген психологиялық–педагогикалық зерттеу мәселе, тақырып, зерттеу нысаны, зерттеу пәні, ғылыми–зерттеу мақсаты, міндеттері, болжам, ғылыми зерттеудің әдістемелік жүйесі, ғылыми зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибеилік ғылыми ұсыныстары, қорғауға бекітілген түсініктемелер жүйесі арқылы айқындалады. [2]

Зерттеушінің алғашқы қадамына зерттеу аймағын айқындау жатады, яғни зерттеу жүргізетін жерді белгілеу. Зерттеу аймағын таңдауға негізінен зерттеушінің таңдаған қызмет саласына қатысы, жеке қызығушылығы, педагоктардың үлгісі, қоғамның өзекті қажеттеліктері, белгілі бір қызмет саласының беделді болуы сияқты жайттар әсер етеді.

Зерттеуші зерттеу аймағын анықтаған соң, зерттеуге дайындық кезеңі басталады. Дайындық кезеңінде жас зерттеушінің жұмыс алгоритмін құрып алғаны жөн. Жұмыс алгоритмінің қатаң сақталуы зерттеудің нәтижелілігінің алғы шарты болып саналады. Біз жұмыс алгоритмін өзара байланысты блоктар түрінде көрсетпекпіз. Осындай блоктардың біріншісі: зерттелетін тақырып немесе мәселе

Біздің ойымызша, жас зерттеушінің қашанда тақырып таңдау мүмкіндігі болуы шарт. Әрине, студент берілген тақырыптардың ішінен өзіне жақынын таңдауы мүмкін. Дегенмен зерттеушінің тақырыпты өзі ұсынғаны орынды. Тақырып таңдау, оны нақтылау– әдетте ұзаққа созылатын күрделі процесс. Әдетте, *тақырып* (мәселе) теория мен тәжірибенің нақ қылысында жатады. Дегенмен тақырып теория саласынан да, тәжірибе саласынан да алынуы мүмкін. Ал тақырыптың деректер көзіне тәжірибедегі қайшылықтар, қиындық туғызып отырған мәселелер, теріс жағдайлар жатады.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаудың негізінде тақырыпты таңдауға әсер ететін негізгі алты фактор анықталды. Оларға

- өзектілігі (көкейкестілігі, өткір қажеттіліктің туу, шешімін күтетін мәселе болуы);
- маңыздылығы (маңызды ғылыми немесе практикалық міндетті шешудегі қажеттілігі);
- перспективтілігі (нақты кезең үшін өзектілігі);
- анықталмағандығы (нақты шешімнің жоқтығы, зерттеу жүргізу қажеттілігі);
- қазіргі қоғам мен адам дамуының концепцияларына сәйкес келуі;
- зерттеушінің жеке тәжірибелік қызығушылығы (мәселеге қатысы)[3]

Бұдан кейін зерттеу аппараты мәселенің өзектілігіне шығады.

Өзектілігінде теориядағы жағдай ой елегінен өткізіліп, жүйеленуі, тақырыптың зерттелу деңгейінің анықтауы, теория мен тәжірибедегі проблемаларды көрсетуі тиіс. Тақырыптың өзектілігін ашу сатылы түрде қайшылықтарға алып келеді. Қайшылықтар алынған тақырыпты зерттеудің қандай қажеттілігі бар, қандай жақтары назардан тыс қалған деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Осы тұста мәселенің (проблеманың) туу шарт. Мәселе теориялық білімде тиісті шешім, не түсініктеме болмаған жағдайда пайда болады. Тақырып ашық немесе жасырын түрде проблемадан тұруы тиіс.

Бұдан кейінгі кезеңде мәселені қою және оны дамыту керек.

Бұл бөлікте қайшылықтарды негіздеу, жетіспейтін теориялық білімді, қызмет тәсілдерін көрсету, зерттеудегі көзделген нәтижені анықтау арқылы мәселені түйіндеу қажет. Мәселе сұрақ түрінде құрылады. Негізінде қайшылықтың сұрақ формасы болып табылады. Мысалы: Қандай педагогикалық шарттар ғылыми–зерттеу мәдениетінің қалыптасуы үшін тиімді ...

Басты жайт, өзектілік, қайшылықтар және мәселе өзара тығыз байланыста болуы тиіс.

Келесі кезекте зерттеудің мақсаты анықталады. Мақсат мәселемен тығыз байланыста қарастырылып, айқындалады. Мақсат бұл – теориялық негіздегі мәселенің (проблеманың) шешімі. Зерттеу мақсаты– зерттеудің нені көздегенін көрсетуі тиіс. Мысалы ... анықтап, негіздеу деген сияқты.

Келесі сатыда зерттеу нысаны (объект) мен пәні анықталады. Зерттеу *нысаны* жалпы болмыстың зерттелетін аймағы. Зерттеу нысаны пәнініне қарағанда жалпы және кең ұғым. Олардың болмысы бір болғанымен, бірі объективті, бірі субъективті жағын көрсетеді. Зерттеу *пәні*– нысанның бір бөлігі, нысан ішіндегі зерттелуі тиіс элементтерді, байланыстар мен қатынастарды көрсетеді. Зерттеу пәнін– нысанның белгілі бір бақылау нүктесінен алынған кесіндісі десе де болады. Г.Х. Валеев – зерттеу пәні–объектіге апаратын жол –деп көрсеткен.[4] Нысан мен пәнді белгілегенде мұқият болу керек. Себебі зерттеудің баяндалуы мен нәтижесі пәннен тысқары кетіп, ауытқымауы керек. Сонымен зерттеу нысаны мен пәнін айқындау үшін:

- Зерттеу аймағынан зерттелетін процесті бөліп алу, яғни нысанды белгілеу;
- Алынған процестің құрылымын, ішкі, сыртқы байланыстарын айқындау;
- Зерттеу пәнін белгілеу, яғни терең зерттелуі тиіс аспект, байланыс, қатынастарды көрсету;

Бұдан соң зерттеу болжамы жасалуы тиіс. Болжам–зерттеудің нәтижелілігін қамтамасыз ететін шарттарды, жолдарды, әдіс–тәсілдерді ұсыну. Болжамның басты белгілері мыналар:

- дәлелділігі;
- болжамалы сипаты;
- жаңаны ашуға негізделуі;
- мәнділігі;
- қарапайымдылығы;
- тексеру мүмкіндігі(верификация);

Болжам зерттеу аппаратының ең күрделі құраушысы. Бұл ғылыми негізделген жорамал. Сондықтан болжам тақырып жан-жақты зерттелгеннен кейін жасалуы керек. Себебі болжамда зерттеуге қажетті жаңалықтың квинсистенциясы берілуі тиіс. Жазылу үлгісі: Егер...

- онда...
- себебі...

Ендігі зерттеудің міндетіне көшеміз. Міндет болжамға сай, мақсатқа жетуге негіз болатын әрекеттер жиынтығы. Мақсатқа сәйкес 5-6 міндет қойылуы тиіс. Мысалы, анықтау, негіздеу, дайындау, экспериментте тексеру.

Әдіснамалық негізі–зерттеуге негіз болған әдістемелер, концепциялар, теориялар.

Зерттеу әдістері– зерттеуде әр түрлі әдістер қолданылуы мүмкін. Ең бастысы әдістер бірін-бірі толықтырып тұруы керек. Сол арқылы алынған ақпараттың нақтылығы мен дәлдігіне негіз болуы шарт.

Ғылыми жаңалығы Бұрын теория мен тәжірибеде болмаған зерттеушінің енгізген фактлері, идеялары, әдістемелері, технологиялары. Қандай мәселелер алғаш рет дәлелденді. Зерттеу нәтижесінің басқа зерттеулерден қандай айырмашылығы бар.

Теориялық маңыздылығы Зерттеудегі жаңа байланыстар мен тәуелділіктер, әдістер қалай негізделді. Қандай жаңа ұғымдар енгізілді.

- зерттеу нәтижесін тәжірибеде қолдану мүмкіндігі қандай;
- зерттеудің нәтижелерін қолданудың тиімділігі неде;
- материалдардың қайсысы осы күнге дейін қолданылып келді;
- қалыптасқан жүйені жетілдіру үшін қосымша не ұсынылады;

Тәжірибелік маңыздылығы Зерттеушінің тапқан технологиясын күнделікті тәжірибеде қолдану, ғылыми-әдістемелік нұсқау жасау мүмкіндігі.

Зерттеу жұмысының дәлелділігі мен негізділігі. Қортындылардың әдісналық және теориялық қағидалар арқылы дәлелденуімен, кешенді әдіс-тәсілдердің пайдаланылуымен, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы тексерілуі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу Өзірленген тезистерді енгізіп, қолданатын орын. Анықтамалық аппарат. Библиография, қосымша.

#### Әдебиеттер:

1. Р.А. Сабитов Основы научных исследований. – Челябинск, 2002.
2. Өтегенова Б.М. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістері: дәріс жинағы. Қостанай, 2010.
3. Н.Г. Мосунова Научно-исследовательская культура студентов – Тюмень, 2005.

#### Аннотация

*В статье рассматриваются вопросы обработки понятийного аппарата исследовательской работы как способ повышения исследовательской грамотности студентов.*

*The article the questions of the thinking mechanism's processing of investigation work as means of increasing the investigation literacy of students are considered.*

## **АСПАПТЫҚ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

**Жартыбаева А.А.**

*Қазақстан, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жас ұрпаққа жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеріп, сапасын түбегейлі жақсартуды талап етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, педагогика ғылымы халықтың өткендегі мәдени мұрасын, педагогикалық ой-пікірлер саласында жинақталған барлық құнды, қажет жәдігерліктерді және халық ағарту мен қоғамның даму кезеңдеріндегі тәжірибелерді зерттеп, пайдалануы қажет.

Халқымызда музыка мәдениетінің тынысы мол, шоқтығы биік, сан алуан мазмұнды, әр салалы, түрлі болып келеді. Жас жеткіншектерді халқымыздың алтын қорымен таныстыру дегеніміз – оларға өз халқының тарихына, тіліне, өнеріне, салт-санасына сүйіспеншілік есігін ашып беру деген сөз. Халқымыздың музыкалық аспаптарының үнінен қазақ ұлтының сыршыл сезімдерін таңғажайып құбылыстарымен ұштастыра білгенін байқауға болады. Өз даласының күнкөріс кәсібіне тән, өмір құбылыстарын адамның сезім түйсігімен байланысып жатқанын музыка аспаптарының көмегімен халқымыз біздің заманымызға жеткізе алды. Сондықтан баланы ұлттық музыкаға тартып, халық өнеріне құрметпен қарау, оны сүю, ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеуге тәрбиелеу басты парызымыз. Ұлттық дүние бала жүрегінен орын алса, оны өмірдің мәні деп қабылдаса, онда ол ертеңгі өзінің Отанының, халқының, туған жерінің азаматы болады деп сеніммен айтуға болады.

Мәдениет әрқашанда тарихпен тығыз байланысты. Әсіресе, қоғамдық өмірдің сан алуан сыры күмбірлеген күй мен шырқалған әндерден өз көріністерін тауып отырған. Үрлеп және ұрып ойналатын аспаптар ерте заманда адамдардың бір-біріне дыбыс беруі үшін немесе аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылғаны ешқандай дау туғызбаса керек. Мұндай аспаптарды біздің арғы аталарымыз жорыққа шыққанда, аң аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни салт-жораларда, бекзадалардың сауық-сайранында пайдаланған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет болғандықтан көне аспаптардың үрлеп тартылатын және мембраналық ұрып ойналатын түрлері өте көп болған, өйткені, бұлардың дауысы қатты шығады. Ал, кейін келе сирек қолданылатын болғандықтан осы айтылған аспаптардың кейбір